

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: КІРІСПЕ

Психоанализге кіріспе





Мақсаты: психоаналитикалық теорияның басты ұғым-түсініктері мен тұжырымдарын ашып беру.

Кілт сөздер: психология, психоанализ, саналылық, санасыздық, либидо, Мен, ұжымдық санасыздық.

Бүгінгі дәрісіміз күрделі, десе де қызықты тақырыпқа арналып отыр. Жалпы, бұған дейінгі дәрістерімізде тілге тиек еткеніміздей, қазіргі кезде кез келген ғылым саласы қарқынды интеграциялық үдерістерді бастан кешіріп отыр. Әсіресе гуманитарлық ғылым салалары бірінің мүмкіндігін бірі пайдаланып, қоғамдық мәселелердің құпиясын тереңнен ашуға ұмтылыс жасап жатыр. Бүгін біз сөз еткелі отырған психоанализ тақырыбы осының айқын дәлелі бола алады. Өйткені психология, философия, биология ғылымдарының тоғысында пайда болған ғылыми пән кейіннен барлық ғылым салаларына дерлік ықпал етіп, әртүрлі ізденістердің жасалуына түрткі болды. Әдебиеттану ғылымындағы психологиялық талдаудың амал-әдістерін жете түсінуіміз үшін аталмыш ғылыми пәннің басты тұжырым-концепцияларынан хабардар болуымыз керек.

Психоанализдің негізін салған – австриялық психиатр Зигмунд Фрейд. Ол өзінің «Түс жору» деп аталатын кітабында психоанализ теориясын негіздеді. Кітап жарияланған кезде үлкен дүрбелең болды. Өйткені ол бұған дейінгі қалыптасып қалған түсініктердің көбесін сөгіп, мүлдем басқа тұжырымдарды ұсынды. Фрейдтің ойынша, «Мен» – ақылдың тек бір ғана бөлшегі. Ал егер біз түс секілді дүниелерге назар аударар болсақ, «Меннің» шекара-шеңберінен тыс жатқан басқа да аспектілердің бар екеніне көз жеткізер едік. Саналы ойлау жүйесінде қалыптасатын нәрселерді түсінуде мұның маңызы үлкен. Жалпы, ғалымның есімі аталған кезде біздің ойымызға бірден санасыздық, түс жору, меннің үш құрамы, либидо деген секілді термин-түсініктер келеді. Өйткені аталған категориялар Фрейдтің басты ғылыми тұжырымдарын танытатын сөздер болып саналады.

Медицина қызметкері бола жүріп Фрейд философия ғылымын індетте зерттеп, мұқият оқиды. Биология, психология, философия ғылымдарын жете меңгерген ол қабылдауына келген адамдарды емдеу барысында әртүрлі ғылыми эксперименттер жасайды. Гипноз, сөйлетіп емдеу тәсілдерін қолданып, психологиялық ауруға шалдыққан адамдарды емдей бастайды. Сол арқылы емделуші адамның көкейін тескен түйткілді мәселелерді қопара ашуды көздеді, жанына салмақ салып, санасын сансыратқан уайым-қайғыны сейілтуге тырысты. Фрейд пациентпен әңгімелесу арқылы көңілінде қалып кеткен жараны емдеп, оған әсер еткен оқиғалардың шынайы себеп-салдарын анықтауға ұмтылыс жасады. Дегенмен бұл ғылымда кемеліне келген, әбден мойындалған озық әдіс дей алмаймыз және Зигмунд Фрейдтің жасаған ғылыми тұжырымдары ғылымға айрықша әсер етіп, кейінгі жасалған әртүрлі ғылыми ізденістерге қозғау салды. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Фрейдтің психология ғылымына қосқан үлесі зор. Психоаналитикалық теорияның негізін салған Фрейд көптеген шәкірттер тәрбиелеп, осы саланың одан әрі дамуына жол ашып кетті. Мәселен, А. Адлер, В. Раих, О. Ралк, К.Г. Юнг, Ш. Френчи сынды ғалымдар Фрейдтің теориялық тұжырымдарын одан әрмен дамытып, әртүрлі түзетулер де енгізді.

Сонымен, психоанализ дегеніміз – жүйке және психикалық аурулардың жалпы теориясы мен емдеу әдісі. Психоаналитикалық теорияның ең басты тұжырымдары ретінде санасыздық мәселесі және жанның өзара байланысты үш жүйеден тұратын құрылымдық моделі екенін айтуға тиіспіз.

Санасыздық деген ұғымның мәнін ашудан бастайық. Кейде оны бейсаналылық деп те айтып жүр. Ол адам санасындағы тылсым, құпиясы мол құбылыстардың жиынтығы болып саналады. Оксфорд сөздігінде оған: «Санасыздық мақұлдауға болмайтын, яки не индивидке іштей қауіп төндіреді, не қоғамға қауіп төндіреді деп саналатын әуейі идеяларды қамтиды. Бұл идеялар шығу тегі жағынан не жыныстық, не сорақы бүлдіргіш, не бала кезде бастан өткен қорқыныш пен дәрменсіздік болуы мүмкін», – деген анықтама беріледі. Фрейдтің «санасыздық» деп аталатын термині өз ішіне бірнеше ұғым-түсініктерді қамтиды. Бұл біздің өміріміздегі маңызды оқиғалардың жазбасы іспеттес. Басқаша айтқанда, санамыздан шығарылған сезімдер мен ниет-пиғылдарамыздың қоймасы. Сондай-ақ биологиялық және инстинктілік талаптардың әрекет ететін орны. Күнделікті көрген-білгендеріміз бен көңілге түйгендеріміз біздің ақылымыздың бейсаналық бөлігінде сақталып қала береді әрі көбіне түс көрген кездерде қайта жаңғырады.



Осылайша өміріміздегі маңызды оқиғалар мен тәжірибелер ақылымызда қалып қояды да, оның бәрі ересек адам болып жетілген кезде де ойлау жүйеміз бен мінез-құлқымызға айрықша әсер етеді. Мұндай концепцияны ұғынып алудың әдебиеттің теориясын түсінуде рөлі зор. Фантастика да түс секілді, қиялдың жемісі. Фантастикалық шығармалардың мазмұнының көбі бейсаналықтан туындаған материалдар болуы әбден мүмкін. Фрейдтің түс көру құбылысынан тапқан бейсаналық материалдарың бәрі де біздердің адам ретіндегі уайымдаған ойларымыз бен ең күшті сезімдерімізбен тікелей байланысты болып шыққан. Бұлар ең алдымен, ата-аналарымызбен және басқалармен болған романтикалық қарым-қатынасымызбен шектеліп қалмайды. Аталмыш қатынастар құштарлық, идентификация және қорқыныш секілді күшті эмоцияларды туғызады әрі осы сезімдер қоғам дұрыс деп қабылдайтын көптеген дүниелермен жиі қақтығысқа түседі.

Фрейдтің түс туралы зерттеулері санасыздықтың табиғатын жан-жақты ашып берген еңбектер болды. Ол кез келген түс адамның белгілі бір тілегінің орындалуы дегенді айтады. Біз не үшін түс көреміз деген сұрақтың жауабын ол былайша береді. Түс санасыздықпен жанышталып келген адам тілектерінің қиялда орындалуы екен. Санасыздық логиканың заңдылықтарына бағына бермейді, содан да адамның ақылына кіріп шықпайтын бір-бірімен кереғар келетін дүниелерді де шынға айналдыруы мүмкін. Біз ұйықтап жатқан кезімізде санасыз тілектерімізді жаныштау күші әлсірейді екен. Содан да түс көру процесі жүзеге асады деген пікір психоаналитикалық теорияда орнығып қалған.

Зигмунд Фрейдтің психоаналитикалық теориясының кезекті маңызды тұжырымы – жанның үш құрамы турасындағы түсінігі. Адам психикасының табиғатын «id», «superego» және «ego» деп аталатын ұғымдардың өзара байланысы аясында ашып беруге тырысады. Қазақ тіліндегі ғылыми еңбектерде Id ұғымын – «Өз», superego терминін – «жоғары Мен», ал ego ұғымын «Мен» деген терминмен түсіндіріп жүр. Санасыздық, жоғарыда айтқанымыздай, өткен күннің бар белгісі сақталып қалған психиканың терең де үлкен қоймасы сияқты. Онда адамның ішіне бүккен құпия жан сыры мен әртүрлі сезім күйлері, ықылас-пейілі мен құмарлығы жасырынған. Оның тұғыры «ләззаттану ережесіне» сай құрылымдалған. Фрейд бұл құбылысты Id деп атайды әрі құмарлықтар мен сезімдердің қоймасы ретінде бағалайды. Ал саналы Мен санасыздық пен бізді қоршаған айнала болмыс арасындағы делдал қызметін атқарады. Оның мақсаты адамның санасыздығына қызмет көрсету екен. Адам барынша саналы болуға, артық әрекет етіп, жаман сөз айтпауға тырысып бағады. Дегенмен ол кейде санасыздықтың, яғни Id-нің ықпалына түсіп кетеді. Ал жоғары Мен мәдени-рухани тыйым салуды бейнелейтін тәрбиелік, этикалық, адамгершілік, діни сананы танытады. Жоғары мен ар-ұят сезімін күшейтіп, адамның Меніне үстемдік жүргізеді. Мен айнала болмыста боп жатқан әртүрлі оқиғалар мен өзгерістерді қабылдап, біздің дене мүшелеріміздің жүйесін бақылауда ұстайды. Ал санасыздықта сана аймағынан ауытқып кететін элементтер кездесуі мүмкін. Жалпы айтқанда, Фрейд белгілеген Id, яғни Өзі – дереу қанағаттандыруды талап ететін тегеуріннің көзі, бірақ біз оны ашық көрсете алмаймыз. Себебі, оны бақылап тұрған superego бар. Суперэго – біздің ата-аналарымыздың немесе өзіміз өмір сүріп отырған әлеумет-қоғамның бізге жасайтын ықпалы мен билігін танытатын термин. Ал ego, жоғарыда тілге тиек етілгендей, әртүрлі құбылыстарға орай туындайтын талаптардың арасында делдал функциясын атқара алады. Фрейд алдымен ақылды саналы және бейсаналы бөлігі деп бөлді. Содан кейін ол эго (яки саналы ақыл), суперэго (я ұждан) және Id (бейсаналық) ұғымдарының жаңа топографиясын ұсынды. Ол өмірімізде бізді алға жетелейтін әуесқой инстинктілік құштарлықтарды бейнелейтін «либидо» сөзін ойлап тапты. Сонымен бірге, бұл жыныстық тілек сынды кейбір біздің ең негізгі физикалық сезімдерімізді түсіндіріп береді. Бейсаналы материалды саналыға айналдыру үшін ол алмастыру және ауыстыру сынды екі түрлі болжамын одан әрі дамытып, ақылдың қабылдаған мазмұнды қолайлы формаға сай қайта өңдеуінің әдістерін де егжей-тегжейлі жазды. Сонымен бірге саналылық пен бейсаналылық арасындағы шешілмеген қайшылықтардың әртүрлі формаларын сипаттады. Бұл таксономиялар невроздың немесе обсессивті-компульсивті бұзылулар мен паранойя секілді психикалық аурулардың әртүрлі формаларымен сәйкес келеді.

Бұл тұрғыда маңызды тұжырымдардың бірі – «келісімге келу». Ақыл үнемі белгілі бір келісім немесе шектелген материалға деген жеңілдікті іздейді. Сол арқылы ішкі құштарлықты шығарғысы келеді. Невроздың симптомдары осы секілді келісімдердің айқын мысалдары.



Олар либидодан ләззат алуға деген біздің ұмтылысымызды көрсетеді. Дегенмен біздің жүріс-тұрысымыз бен мінез-құлқымызға қатысты ата-анамыз бен өмір сүріп отырған қоғамның қоятын әртүрлі шектеулерді құрметтеуге мәжбүрлейтін ақылдың бөлігі. Осындай шектеулер біздің сезімдерімізді қанағаттандырмай, бізге ерекше әсер ететін болғандықтан, оларды сыртқа шығармауды үйренеміз. Адам романтикалық қарым-қатынастарын өте күшті боп тұрған кезде де бірнеше рет тоқтатуы мүмкін. Себебі бала кезде оны ата-анасы тым қатаң бақылауда ұстаған. Мысалы, көршілерінің ауласында немесе жалпы жақын маңда ойнауға тыйым салған дегендей.

Ересек адам ретіндегі қайталанбалы симптомдық мінезі оның ләззат іздеуіне жол ашады. Бірақ сонымен бірге ата-анасының үйден тым алысқа кетпеуі турасындағы нұсқауларына құрметпен қарайды. Ол бір сәтке болса да романтикалық сезімдерге бой алдырғанымен, ата-анасының тәрбиесі негізінде қалыптасқан ішкі Темірқазыққа қайта оралып, келеңсіз істен кері кетеді де, бір түрлі қанағаттанбаған жағымсыз жағдайды бастан кешіреді. Дегенмен қайталана беретін біркелкі қыспаққа түседі. Ол осы жағдайды бір емес, бірнеше рет бастан өткізеді. Өйткені, терапия арқылы – өзінің тұлғалық қақтығысымен келісімге келе алмайды.

Фрейд сонымен бірге өз еңбегінде либидо деген терминді қолданады. Оның ойынша, либидо дегеніміз – адам бойындағы ұятсыз сезімдердің бастауы, яғни жыныстық инстинкт. Ал мәдениет дегеніміздің өзі жүйке ауруына шалдықтыратын әртүрлі тыйымдар жүйесі ретінде көрініс табады. Бұл ұждан немесе суперэго ұғымымен тікелей байланысты, яғни қоғам мен ата-аналарымыздың біздің сезімдерімізді тыйып, әртүрлі әдепсіздіктерден қорғауы өз кезегінде мәдениеттің қалыптасуына сеп болады екен. Сонымен бірге либидо ұғымы адамның бойындағы шығармашылық тасқынынан құтылудың бір жолы ретінде де тілге тиек етіледі. Мысалы, кейбір жазушылар бар өмірін шығармашылыққа, жазуға арнаған. Оған өзінің бойындағы тасқынды тоқтатып, «аман қалудың» амалы ретінде қараған. Ол болмаса, адам әртүрлі психикалық ауруларға шалдығып, жынданып кету қаупі болады екен. Сонымен бірге, Зигмунд Фрейд адамның психологиялық өмірі дүние есігін ашқаннан кейін ғана басталалы деген ой айтады. Жаңа туған сәбиді, Еуропаның басқа да ағартушылары секілді, «фабула раса», яғни таза тақта деп санайды. Сонымен бірге, жоғарыда айтылған либидо, яғни жыныстық құмарлық балалық шақтан-ақ адам бойында орнығып үлгеретінін байқаған. Фрейдтің пікірінше, балалардың бәрі де ата-анасына деген іңкәрлікті сезінеді. Балалар аталған табиғи құштарлықты шектеуді үйренеді немесе басқа формадағы құштарлыққа тәуелді боп қалуы мүмкін. Фрейдтің ойынша, ақыл шектелген немесе тыйым салынған құштарлықты қанағаттандырудың басқа да жанама жолдарын табады. Әдетте, ол сезімдерге ұқсамайтын шектелген бейсаналық сезімдермен араласып кетеді немесе басқа жолмен сезімдерді жасырады. Мысалы, Шекспир «Макбет» пьесасында кінә сезімін жуылған қолды суреттеу арқылы көрсеткен. Осы бір детальдің өзі символикалық мән арқалап тұр. Өйткені осы арқылы өз кінәсін мойындап, кешірім алуға жол ашып отыр.

Фрейдтің психоаналитикалық теориясындағы басты тұжырымдарды қортындылап айтқанда мынадай басты-басты идеялар келіп шығады. Біріншіден, адамның мінез-құлқы, болмыс-бітімі бала кезінен-ақ қалыптасады, яғни ересек кездегі оның мінезі бала кезде көрген, әсер еткен, бастан кешірген әртүрлі оқиғалар мен құбылыстарға тікелей тәуелді болады. Екіншіден, адам баласының рационалды амал-әрекетін, танымы мен тұлғасын оның иррационалды, яғни санадан тыс аңсары қалыптастырады. Үшіншіден, саналылық пен санасыздықтың және нақты шындықтың арасында рухани-мәдени соққылар үнемі қайталанып отырады. Кейде осының кесіренен әртүрлі психикалық ауытқулар туып, аурулардың пайда болуына әкеп соғуы мүмкін. Төртіншіден, санасыздықтан туындаған әртүрлі аңсарларды саналы қабатқа алмастыру психологиялық тұрғыдан өз-өзін қорғау механизмінің қарсылығын тап қылады. Бесіншіден, санасыздықтың қоймасында қалып қойған материалдарды қайта жаңғыртып шығару арқылы психологиялық ауруларға кез болған адамдарды емдеуге болады екен. Фрейд бұл үшін әңгімелесу әдісін таңдаған. Әртүрлі сұрақтар қойып, оның бейсанасындағы әртүрлі әсерлер мен уайымдарды қайта шығарту арқылы адамды жеңілдетіп, ауруынан айықтырып жібереді екен.

Жалпы, психоанализ теория тек Зигмунд Фрейдтің еңбектерімен шектеліп қалмағаны белгілі. Оны дамытушылар көп болды әрі аталмыш теория әр елде әртүрлі дамыды деуге болады.



Содан да кейінгі психоаналитикалық теория өкілдерінің ойлары бір жерден шыға бермейді. Солардың ішіндегі ең көрнектісі әрі Фрейдтің шәкірті Юнгті бөле жара көрсетуге болады. Себебі ол психоаналитикалық теорияны одан әрмен дамытып, жеке адамның санасыздығымен бірге ұжымдық санасыздық деген мәселені ойлап тапты. Юнгтің ойынша, ұжымдық санасыздықтың терең тамырлы қатпарлары болады әрі оның түпбастауларында адамзат баласының ежелгі тәжірибелері сақталып, психикалық құрылымдар қалыптанады. Карл Густав Юнг аталмыш мәселенің байыбына барып, тереңіне бойлау үшін халықтың мифтері мен аңыз-әңгімелеріне жүгінді. Өйткені архетиптік құрылымдар мен символдық бейнелер ғасырлар бойы сақталып келе жатқан әртүрлі мифтерде өмір сүреді екен. Осыдан да болар, кейде психоаналитикалық теорияны «ғылыми мифология» деп те атайды. Өйткені аталмыш ғылыми пәннің өкілдері мифологияға ден қойып, адамзаттың психикалық архетиптерін қазбалауды қажет санайды. Ал миф, аңыз дегеніміздің өзі мәдениеттің, қала берді әдебиеттанудың зерттеу объектісі екені белгілі.

Тақырыпты пысықтау үшін қойылатын сұрақтар

1. Эго, Id, Суперэго ұғымдарының мәнін ашып беріңіз.
2. Либи́до дегеніміз не?
3. Санасыздық мәселесін З.Фрейд қай еңбегінде жан-жақты ашып берді?
4. Карл Густав Юнг Фрейдтің қай көзқарасын дамытты? Юнгтің ең негізгі ғылыми теориясын айтып беріңіз.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Психология: Адамзат ақыл-ойының қазынасы: 10 томдық. Т.3: З.Фрейд және неофрейдистер. Психоанализ / Бес ред. И.Н.Тасмағамбетов; Жетекшісі Ә.Н.Нысанбаев, құраст.: И.Ә.Әбеуова, А.Р.Ерментаева, Х.Т.Шериязданова. – Алматы: Таймас баспа үйі, 2005. – 480 б.
2. Исмағамбетова З.Н. XX ғасырдағы Батыс мәдениеті философиясы: оқу құралы / З.Н.Исмағамбетова. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 132 б.
3. Гуревич, Павел Семенович. Психоанализ: Учебник для магистрантов. Т.1: Фрейдизм и неофрейдизм / Гуревич, Павел Семенович. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Юрайт, 2016. – 531 б.